

HAVAL



ЖАҢА

HAVAL DARGO

Бұл өз жолымен жүріп үйренгендерге арналған мінезді кроссовер. Ол кез келген жерде: іскерлер орамында да, қала сыртындағы жолсызда да өзін сенімді ұстайды. Адуынды келбетінің астында терең ішкі әлем мен қуатты интеллект жатыр. Сондықтан өз мақсатына жол тартқанда ол әрдайым өзінің қайталанбас бағдарын табады.

Жаңа Haval DARGO. Мінезіңді танытуға қажетті себеп.



АСҚАҚ КЕЛБЕТТІ

HAVAL DARGO автокөлігінің айбарлы дизайны бәрін өзі-ақ айтып тұр: шанақтың сұсты және айқын пішіндері, дөңгеленген жарықдиодты алдыңғы фаралар және футуристік артқы шамдар жолдағы барлық қиындықтарды еңсере алатын сенімді кроссовердің бейнесін қалыптастырады.

Дизайн



Тартымды мінез

Электржетекті айналар күнделікті өмірді біршама жеңілдетеді. Оларды қолмен қайыру қажет емес — автокөлікті құлыптаған кезде олар автоматты түрде қайырылады.



Электржетекпен қайырылатын айналар

Ал кілтсіз кіру жүйесі салонға кіруді жеңілдетеді: кілтті қалтаңыздан алмай-ақ есіктерді аша аласыз.



Кілтсіз кіру жүйесі

Әрдайым сүйеуге дайын

HAVAL DARGO салонға кіруді жеңілдететін және кроссовердің адуынды мінезін айшықтап тұратын болат қыстырмалары бар бүйірлік аяққойғыштармен жабдықталған (Tech Plus жинақтамасының стандарттары).



Бүйірлік аяққойғыштар

HAVAL DARGO дөңгелек жарықдиодты фаралары кроссовер дизайнының түйінді элементіне айналды. Олар функционалдық пен сырбаздықты үйлестіреді: жарқырап тұратын шеңберде күндізгі жүріс шамдары мен бұрылыс көрсеткіштері, ал орталық бөлігінде — таяу және шалғай жарық линзалары жасырылған.




Жарықдиодты фаралар

ІШКІ ЖАҒЫНАН НӘЗІК

HAVAL DARGO салоны бүге-шігесіне дейін ойластырылған. Іші кең, қолайлы және жайлы. Өз иесінің талғамдарына сай болу үшін автокөлік заманауи мультимедиалық жүйемен, проекциялық экранмен және көптеген ақылды функциялармен жабдықталған.



Алдыңғы орындықтар тесіктері бар табиғи былғарымен қапталғ



Артқы қатардағы тегіс еден үш жолаушыға жайлы жайғасуға мүмкіндік береді.

Интеллектімен еліктіреді

Беріліс қорабының электронды джойстигі интерьердің футуристік дизайнын айшықтап тұр. 10,25" цифрлық аспаптар тақтасын өз қалауыңызға сай баптауға: тақырыбы мен конфигурациясын өзгертуге болады. Үлкен экран тіпті күн сәулесі тікелей түсіп тұрса да жақсы көрінетін контрастты кескін береді.

Проекциялық дисплеймен жолдан алаңдамастан ең маңызды деректерді көріп отырасыз. Алдыңғы әйнекке қозғалыс жылдамдығын, жол белгілері туралы ақпаратты, кіріс қоңырауларын және қауіпсіздік жүйесінің ескертулерін жеңіл шығаруға болады.

360° айналаны шолу камералары жүйесі мультимедиалық жүйенің үлкен 12,3" дисплейіне жоғары шешімді кескін беріп отырады және көзбен байқалуы қиын кедергілерден жеңіл айналып өтуге көмектеседі.

Мультимедиалық жүйе Apple CarPlay және Android Auto байланыстарын қолдайды. Смартфоныңызды байланыстырыңыз да, автокөлік экранынан өзіңіздің үйреншікті қолданбаларыңызды пайдаланыңыз: навигация жүйесін қадағалаңыз, музыка тыңдаңыз және хабарламалар алыңыз.



Беріліс қорабының электронды джойстигі



10,25" цифрлық аспаптар тақтасы



Проекциялау дисплейі



Айналаны 360° шолу камералары жүйесі

Маңайда ұсталады

Төрт есіктің автожеткізгіштері бар электрлі әйнеккөтергіштері қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған: кедергіге кезіккен кезде әйнектер қозғалуын тоқтатады.

Сымсыз зарядтау жүйесі қол жететін жерде орналасқан. Ол мұндай функциясы бар кез келген смартфонға қолдануға жарайды.

Қараңғы мезгілде көлік жүргізуді жайлы ету және артқы жақтағы автокөліктердің фараларына алаңдамау үшін артқы көрініс айнасы автоматты түрде күңгірттеледі. Айнада бейнежазғышты жалғауға арналған USB ағытпасы орналасқан. Оны әйнекке қыстырып қоюға болады, сонда оның сымдары кедергі келтірмейді.

Жүргізушінің орындығы 8 түрлі күйде реттеледі, белге арналған бөлім 4 бағыттағы электрлі реттеу мүмкіндігімен және массаж функциясымен жабдықталған.



Төрт есіктің автожеткізгіші және қысудан қорғау функциясы бар электржетекті әйнеккөтергіштері



Автоматты түрде күңгірттелетін және бейнежазғышқа арналған USB ағытпасы бар айна



Сымсыз зарядтау жүйесі



Жүргізуші орындығын 8 бағытта электр реттеу мүмкіндігі



НАҒЫЗ ҚАЛА ТҰРҒЫНЫ

Мегаполистің кез келген тұрғыны жаңа Haval Dargo автокөлігімен ортақ тіл табыса алады. Кроссовер қалада көлік жүргізу көмекші технологияларымен: автоматты тұраққа қою жүйесімен және артқы жүріспен жүрген кездегі көмекші жүйемен жабдықталған. Олармен бірге қаладағы өмір анағұрлым жеңілдей түседі.

Құштарлықтың тізгінінде

HAVAL DARGO 2 литрлік бензінді қозғалтқышпен жабдықталған. Бұл 192 аттың күшін және 320 Нм айналу сәтін беретін заманауи турбиналы мотор. Ол автокөлік жылдамдығын сенімді үдетеді және жанармайды үнемдеп жұмсайды.



Қуаты 192 аттың күшіне тең 2 литрлік бензінді қозғалтқыш

Қозғалтқыш дымқыл типті роботтандырылған 7 сатылы беріліс қорабымен жұптасып жұмыс істейді. Мұндай жұптасудың арқасында кроссовер жылдамдығын тез және жатық үдетеді. Оның артықшылықтарының арасында сондай-ақ үнемділігін, айналу сәтін қозғалтқыштан дөңгелектерге айтарлықтай шығынсыз беру қабілетін атауға болады.



«Дымқыл» типті 7 сатылы робот беріліс қорабы



ТУА БІТКЕН ЖИҢАНКЕЗ

HAVAL DARGO әрдайым шытырман оқиғалар іздейді. Оған үйреншікті бағдарлардан бұрылып кету және өзінің тың жолын салу ұнайды. Бұл үшін оған 200 мм-лік жол саңылауы, қысқа құламалары және интеллектуалды функциялары көмектеседі. Кроссовер жолсыздағы бүкіл сынақтардан өтуге дайын.





Жолдың ой-шұқырын тегіс көреді

«Мөлдір капот» инновациялық функциясы жолсыз жерде таптырмас мүмкіндік. Ол дөңгелектеріңіздің астындағының бәрін нақты уақыт режимінде көрсетеді және кескінін мультимедиалық жүйенің үлкен дисплейіне шығарады.

Онымен бірге салоннан шықпастан көрінісі нашар кедергілерден жеңіл басып өтесіз. «Мөлдір капот» функциясы әсіресе тар және күрделі жол телімдерінде пайдалы.



«Мөлдір капот» функциясы


Аяқтарында нық тұрады

Кез келген жол жабынында сенімділікті сезінуіңіз үшін Haval Dargo интеллектуалды толық жетегі 8 түрлі жүргізу режимін («Эко», «Спорт», «Стандарт», «Қар», «Балшық», «Құм», «Шөп/Қиыршық тас», «Оқап») таңдауға мүмкіндік береді.

Кроссовер жолсыз жерде тұрақты жылдамдықты ұстап отыру жүйесімен жабдықталған. Ол дөңгелектердің бос айналуына жол бермейтіндей етіп қозғалтқыштың тарту күшін үлестіреді. Бұл омбы қарға, құмға немесе балшыққа батып қалмауға көмектеседі.

Ылдиға және өрге қарай қозғалу көмекшісі қажетті жылдамдықты ұстап отырып қауіпті қыраттан қауіпсіз өтуге көмектеседі және өрге қарай орыннан қозғалғанда артқа жылжып кетуден сақтайды.

200 мм-лік жол саңылауының және алдыңғы және артқы бампердің қысқа құламаларының арқасында кроссовер тегіс емес және күрделі жабынмен қозғала алады: ол тасты жолды да, терең сорапты да бағындырады.



Интеллектуалды толық жетек және 8 түрлі жүргізу режимі



Жолсыз жерде тұрақты жылдамдықты ұстап отыру жүйесі



Өрде қозғалу көмекші жүйесі



Кіру, рампа және шығу бұрыштары

НАҒЫЗ ЕЛГЕЗЕКТІҢ ӨЗІ

HAVAL DARGO үшін Сіздің жайлылығыңыз әрдайым бірінші орында. Сондықтан ол кез келген ауа райындағы жанға жайлы сапарларға арналған барлық функциялармен: жүксалғыш есігінің электржетегімен, екі аймақтық климат-контрольмен, алдыңғы орындықтардың желдеткішімен және панорамалы төбемен жабдықталған.





Артқы қатар орындықтары 60:40 арақатынаста бүктеліп жиналады және тегіс еден төсеміне айналады

Барлық мүмкіндіктер аяғыңыздың айналасында

Қолдарыңыз бос емес болса немесе түймені басуға мүмкіндік болмаса, артқы бампердің астымен аяғыңызды жүргізу жеткілікті — сенсор қимылды анықтайды да, электржетек жүксалғыш қақпағын ашады. Мұны сондай-ақ салоннан немесе салпыншақтан да жасауға болады.

Жүксалғышқа шағын тау велосипеді де, балалар арбасы да, бір-екі чемодан да сыйып кетеді, себебі оның көлемі 1370 л. Ол торды бекітуге арналған ілмектермен, пердемен, айқын жарықпен және тіпті 220В розеткамен жабдықталған.



Жүксалғыш есігінің сенсорлы электржетегі


Кез келген ауа райына дайын

Автокөліктің Қазақстан ауа райына сай келетін мінсіз сипаттамасы бар. Суық болса — жылытады, ыстық болса — салқындатады. Жүргізуші және жолаушы температураны жеке баптай алады: бұны екі аймақтық климат-контроль және жылыту және желдету жүйесі бар орындықтар қамтамасыз етеді. Сондай-ақ кроссовер рульдің және алдыңғы әйнектің тұтас бетінің электрлі жылытқышымен жабдықталған.



Екі аймақтық климат-контроль

Артқы қатардағы жолаушылар да сапарға риза болады. Себебі үлкен панорамалы төбенің арқасында табиғи жарық салон ішін толтырады, панорамалы төбе салонның ішін кеңейтіп көрсетеді. Ал қолайлы орындықтар көпшіктері мен арқалықтарының үш деңгейлі жылыту функциясымен жабдықталған.



Артқы орындықтардың жылытқышы



Панорамалы төбе

ШЫНАЙЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

HAVAL DARGO Сіздің тыныштығыңызды күзетеді: елегіш, зейінді, жинақы. Осының бәрі SMART DRIVE қауіпсіздік жүйелерінің арқасы. Ал бейімделетін круиз-контроль, автоматты тежеу жүйесі, жолақпен қозғалу көмекшісі және басқа да интеллектуалды функциялары күрделі қала қозғалысында Сізге көмектеседі.




Әрдайым қырағы


SMART DRIVE интеллектуалды қауіпсіздік жүйелерінің арқасында күнделікті қала ішіндегі қозғалыс жеңілдей түседі. Бейімделетін круиз-контрольмен бірге ұзақ сапарлар кезінде бойынзды жазыңыз. Автокөлік өз бетінше жылдамдығын үдетеді, тежеледі және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін берілген арақашықты ұстайды.

Кептелістерде де сәл демалып алуға болады — жай ғана төмен жылдамдықпен жүру функциясын іске қосыңыз. Ол да бейімделетін круиз-контроль секілді жұмыс істейді. Жол белгілерін тану жүйесі Сізге көлік жүргізуге зейініңізді шоғырландыруға көмектеседі. Ол жылдамдықты шектеу туралы ақпаратты автоматты түрде оқиды және цифрлық аспаптар тақтасына шығарады.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесімен бірге көру мүмкіндігіңіз кең болсын. Сізге көрінбейтін аймақта әлдекім болған жағдайда ол Сізге ескертеді. Интеллектуалды функциялардың ішінде сондай-ақ жолақпен қозғалу көмекшісі, жол қиылыстарынан өту көмекшісі және автоматты тежеу жүйесі де бар. Олармен бірге кез келген сапар қауіпсіз және жеңіл өтеді.




Төменгі жылдамдықпен жүргізу функциясы бар бейімделетін круиз-контроль



Жаяу жүргіншілерді анықтайтын автоматты тежеу жүйесі



Жол белгілерін тану жүйесі




Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі



Жолақпен қозғалу көмекшісі



Жол қиылыстарынан өту көмекшісі



Төмен жылдамдықпен жүру функциясы

Соққыны жеңілдетуге көмектеседі

HAVAL DARGO оны тізгіндеп отырғанда тыныштықты сезінуіңіз үшін жасалған. Сондықтан 7 қауіпсіздік жастығы: алдыңғы жақта екі алдыңғы және бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, және біреуі руль дөңгелегінің астында және тұтастай салон бойымен қауіпсіздік қалқалары жүргізуші мен жолаушыларды ауыр жарақаттардан қорғайтындай етіп орналастырылған.



7 қауіпсіздік жастығы

Шанақтың ойластырылған құрылысы әрбір сапарда сенімділікті қамтамасыз етеді. Бағдарламаланған деформациялану аймақтары осыған жауап береді, бұл соқтығысу кезінде бүкіл жүктемені өзіне қабылдайтын қаңқаның арнайы бөліктері. Осылайша жүргізуші мен жолаушылар берік құрсаумен сенімді қорғалған.



Бағдарламаланған деформациялану аймақтары

Техникалық сипаттамалар

	2WD 2.0T 192 а.к. 7DCT	4WD 2.0T 192 а.к. 7DCT
Ұзындығы x ені x биіктігі, мм	4620 × 1890 (1910 бүйірлік аяққойғыштарымен бірге) × 1780	
Дөңгелек базасы, мм	2738	
Клиренсі, мм	200	
Қозғалтқыш түрі	4-цилиндрлі, бензин, отынды тікелей бүркітін және турбоайдаушы бар	
Жұмыс көлемі, см ³	1998	
Максималды қуаты, а.к. / кВт / айн/мин	192 / 141 / 5600–6300	
Ең жоғары айналу сәті, Нм - айн/мин	320 / 1500–4000	
Беріліс қорабы	«Дымқыл» типті қос ілінісу механизмі бар 7 сатылы робот беріліс қорабы	
Жетек түрі	алдыңғы 2WD	қосылатын толық 4WD
Алдыңғы аспа	тәуелсіз, Макферсон типті	
Артқы аспа	тәуелсіз, екі иінтіректі	
Жабдықталған массасы, кг	1700	1815
Жүксалғыш көлемі, л	1342 / 1404 (толық өлшемді дөңгелек / шағын қосалқы дөңгелек)	
Жанармай бағының көлемі, л	60	
Жанармай шығыны, аралас цикл, л/100 км	8.3	9.2

«Haval Motor Kazakhstan» ЖШС алдын ала ескертпестен, автокөліктердің жинақтамаларына өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады.
*Жанармай шығыны туралы деректер арнайы өлшеу жабдығын қолдану арқылы стандартты жағдайларда анықталған. Өртүрлі автокөлік өндірушілердің автокөліктерін салыстыру үшін қолданылады. Пайдалану нормасы емес.

Автокөлік габариттері



Түсі (экстерьер), 4 түс



Ақ



Сұр



Қызғылт сары



Қара

Түсі (интерьер)



Сұр



Қоңыр



Қара

Жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілер



18" құйма дискілері



18" құйма дискілері



18" құйма дискілері

HAVAL

HAVAL DARGO*

«Haval Motor Kazakhstan» ЖШС алдын ала ескертпестен, автокөліктердің жинақтамаларына өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады. Фотосуретте ұсынылған модификациялар Қазақстан Республикасына жеткізілетіндерден өзгеше болуы мүмкін. Автокөліктердің жинақтамалары туралы нақтылап білу және қосымша ақпарат алу үшін HAVAL ресми дилеріне хабарласыңыз.

Толық ақпаратты біздің www.haval-motor.kz ресми сайтымыздан таба аласыз.

* Хавэйл Дарго

